Кіріспе. Қазіргі таңдағы кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту күрделі де маңызды бір мәселесі. Инженер-техник маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, түрлі мемлекеттік құжаттар (мысалы, “Қазақстан Республикасының білім туралы заңы”, “Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдары білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы” [1-2] және т.б.) білім беруге жаңаша қарауға талаптар туындатты. Оларда білім беруді дамытудың негізгі мүмкіншіліктері бекітілген, міндеттері, қағидалары, құрылымы және түрлендіру тетіктері айқындалған. Сөз жоқ мұның бәрі кәсіптік білім беруді тұрақтандыруға, жаңа идеяларды эксперимент жүзінде жүзеге асыруда маңызды болады. Түрлі объективті және субъективті себептермен соңғы жылдарда инженерлік мамандықтың беделі күрт төмендеп, оларға деген сұраныстар азайды. Бірақ бұл уақытша ғана құбылыс болды, өндіріс қайта даму үстінде. Олай болса, инженерлік мамандықтар қайта бой көтереді. Себебі, ондай мамандарсыз жаңа технология құру, қазіргі кезеңдегі өндіріс құралдарын және технологиялық процестерді басқару әдістерін жасау мүмкін емес. Еліміздің әлемдік қауымдастықпен бәсекелестік қабілеттілігі шығарылатын өнімдердің бағасы мен сапасына тәуелді болатындығы аян. Дамыған елдерде ұлттық пайданың жалпы өсімінің жартысынан астамын техникалық прогрестің үлесі қамтамасыз етеді.

Белгілі математик және әдіскер Л.Д. Кудрявцев былай деген: «Қазіргі кезде математиканың ғылым мен техникадағы ролінің артуына байланысты болашақ инженердің, биологтардың, экономистердің, социологтардың және тағы басқалардың математикалық әдістерді қолданып, жаңа мәселелерді шешуі үшін есептеуіш машинаның мүмкіндігін қолдануы үшін, теориялық жетістіктерді практикада қолдану үшін түпкілікті математикалық дайындықты қажет етеді» [3]. Ол үшін ең болмағанда, математика және математикалық модель дегеніміз не, нақты өмірдің құбылыстарын зерттеудің математикалық тәсілінің мәні неде, оны қалай қолдану керек, сонда ол не береді деген мәселелер жөнінде дұрыс көзқарасты қалыптастыратын мәлімет алулары керек. Математикалық білім берудің принципті моменттері мыналар: математикалық курстың көлемі мен мазмұнын таңдап алу, оқыту мақсатын анықтау, баяндау кеңдігі мен тереңдігінің реттілігі мен көрнектілігінің және тағы басқалардың дұрыс сәйкестенуі, оқытудың тиімді де рационалды жолдарын таңдап алу және де бұның бәрі де математиканы меңгеруге бөлінген шектеулі уақыт аралығында болуы керек.

Материалдар мен әдістер. Орта және жоғары оқу орындары студенттерінің математикалық дайындығын жетілдіру мәселелерін ТМД елдерінің ғалымдары В.И.Крупич, Л.М. Фридман, В.В Афанасьев [4-6] және т.б. республикамыздың ғалымдары А.Е. Әбілқасымова, В.П. Добрица, О. Сатыбалдиев және т.б. зерттеген [7-9]. Математиканы оқытудағы қолданбалы және практикалық бағыттардың жалпы принциптерін жасау, оны жүзеге асыру әдістеріне С.Я. Батышев, В.М. Монахов, О.В.Долженко мен В.Л. Шатуновский, Д.В. Чернилевский, О.К. Филатов және тағы басқалардың зерттеулері арналған [10-13].

Жоғары мектептердегі білім беру жүйесінің сапасы түлектерінің маман моделіне қаншалықты сәйкес келетіндігімен, болашақ кәсіби мамандығын қандай деңгейде меңгергендігімен анықталады. Болашақ мамандардың математикалық дайындық деңгейі мәселесі қазіргі таңдағы оқыту тәжірибесінде өзінің толық шешімін тапқан жоқ. Түлектер техника мен технологияда өзіндік жаңартулар мен түрлендірулер енгізуде қабілеттілік танытатын маман ретінде толыққанды қалыптаспайды. Айтылған кемшіліктерді болашақ мамандардың математикалық дайындығының жоғары мектептерде әлі де болса дұрыс жолға қойылмағандығымен түсіндіруге болады.

Болашақ инженердің кәсіптік толысуындағы арнайы пәндерге қарағанда жалпы білімдік пәндердің, атап айтқанда жоғары математиканың қосатын үлесін анықтау оңайға түспейді. Жалпы білімдік пәндерді оқыту көп жағдайда басқа жалпы техникалық және арнайы пәндермен тығыз байланыстырылмайды, болашақ маманның келешектегі өндірістік қызметінен алшақ қалыпта болады. Нәтижесінде жалпыбілімдік пәндерді оқытудың маманға қажетті кәсібилік қасиеттерінің қалыптасуына тиімділігі аз болады. Егер, математика курсын меңгерту үрдісі кәсіби қызметіне бағытталып жүзеге асырылса, онда білім алушылардың оқу материалы мен білім алу іс - әрекеттерінің деңгейі артады, меңгеруді қамтамасыз етілетін арнайы оқыту технологиясы негізінде білім алушының математикадан алған білім сапасы мамандығына сәйкес заман талабына сай қалыптасады деп көрсетеді әдіскер ғалымдар соңғы еңбектерінде [14-15].

Нәтижелер және талқылаулар. Зерттеу барысындағы нәтижелер техникалық бағыттағы жоғары оқу орындары түлектерінің басым көпшілігі білім негізін игергенмен шығармашылықпен іс-әрекет етуге дайын еместігін, олардың алған білімдерін инженерлік міндеттерді шешуге қолдана алмайтындығын көрсетеді.

Айтылған кемшіліктерді болашақ мамандардың математикалық дайындығының жоғары мектептерде әлі де болса дұрыс жолға қойылмағандығымен түсіндіруге болады. Жоғары оқу орындарының студенттеріне практикалық сабақтарды жүргізуді ұйымдастырудың негізгі бағыттары: студенттерді практикалық сабақтарға мотивтейтін тиімдірек әдістер, оны бақылау мен бағалау тәсілдері, практикалық сабақтарда

студенттердің математикалық дайындығын жетілдіруге ықпал ететін тапсырмалар жүйесі болып табылады. Математикалық білім берудің дидактикалық жүйесін негізге ала отырып мотивацияланған практикалық сабақтардың әдістемелік құрылымы жасалды (1-кесте).

1-кесте – Мотивацияланған практикалық сабақтардың әдістемелік құрылымы

Сабақтың кезеңдері	Студенттердің іс-әрекеті	Оқытушының іс-әрекеті	Оқып-білу мотивациясының қалыптасуы
1. Тақырыппен танысу	Тақырыпты жазу	Тақырыпты баяндау	Түрлі ахуалдар тудыру (тарихи серуендеме, қы-зықтыру, проблема қою, парадокстар және т.б.)
2. Мақсат қою	Мақсатпен танысу	Мақсатпен таныстыру	Мамандық және интеллектуалдық даму үшін практикалық қажеттілігін түсіндіру
3. Негізгі анықтамалар және формулалар-мен жұмыс	Теорияны қайталау, жауаптар, қажетті деректерді жазу	Жаппай сұрақ қою	Аттану деңгейін қамтамасыз ету, жадыны іске қосу, мақсатқа жетуге талпыныс
4. Үлгі бойынша есеп шығару	Іс-әрекеттің бағдарланған негізін меңгеру	Есеп шығару үлгісін жасау, дараланған жұмыс	Мақсатқа жетелейтін ахуал орнату, зейінді мазмұнға аудару, өзара бақылау
5. Жалпыланған алгоритм құру	Бағдарламаны ұғыну	Танымдық қарама-қайшы-лықты шешу	Проблемалық ахуал қою, ұжымдық ізденіс
6. Есептер шығару	Білім, білік және дағды-ның кезең-кезеңмен қалыптасуы	Сұрақ қою, дараланған жұмыс	Абстрактіліктен нақтылыққа көшу, есеп шешімін бағалаудағы мотивті бекіту, табандылықты дамыту.
7. Техникалық мазмұндағы есептер шығару	Практикалық білік және дағды қалыптастыру	Жалпылама-дараланған жұмыс, туындалған идея-ларды талдау және жинақтау	Есеп мазмұнының болашақ кәсіпке маңыздылығын бекіту
8. Нәтижелерді талдау	Тақырыпты жалпылау, ең бастыны ажырату	Өңгімелесу, пікірталас	Сабақты жалпылау
9. Тестілер бойынша бақылау	Тапсырманы орындау	Тапсырманы тексеру	Бақылау нәтижесін бағалау, қажетті деңгейге қол жеткізілуі туралы қорытынды

Техникалық мазмұндағы есептерді математиканың негізгі тақырыптары бойынша талдап көрейік.

1. Теңдеулер жүйесіне берілген есептер.


Есеп 1. Жабық ыдыста қысым түсірілген сұйықтық пен газ бар (1-сурет). Өлшеу бойынша А нүктесіндегі $p_1 \frac{кг}{см^2}$ және В нүктесіндегі $p_2 \frac{кг}{см^2}$ қысым анықталды. Егер меншікті салмақ $\gamma \frac{кг}{см^3}$ және В нүктесінен сұйық бетіне дейінгі қашықтық h_2 болса, А

нүктесінен сұйық бетіне дейінгі қашықтықты және А мен В нүктелерінің арасындағы қашықтықты, ыдыстағы газ қысымын анықта.

Есепті шешу үшін гидростатиканың негізгі теңдеуін (1) алу керек.

$$p = p_0 + \gamma h \quad (1)$$

мұндағы, p – сұйықтың берілген нүктесіндегі қысым; p_0 - оның бетіне түсірілетін қысым; γ - сұйықтың меншікті салмағы; h - қысым өлшенетін нүктедегі сұйықтың биіктігі.



1-сурет – Сұйықтық пен газы бар қысым түсірілген жабық ыдыс

Шешуі: А және В нүктелеріне гидростатиканың негізгі теңдеуін қолданып, төмендегі теңдеулерді аламыз:

$$p_1 = p_0 + \gamma h_1 \quad (2)$$

$$p_2 = p_0 + \gamma h_2 \quad (3)$$

1-суреттен $h_2 - h_1 = h$ екендігі белгілі. Сондықтан p_0 , h және h_1 табу үшін теңдеулер жүйесін (4) құрамыз:

$$\begin{cases} \gamma h_1 + p_0 = p_1 \\ \gamma h_2 + p_0 = p_2 \\ h_2 - h_1 = h \end{cases} \quad (4)$$

Жүйені шешіп, ізделінді қашықтық пен қысымдарды табамыз:

$$p_0 = p_2 - \gamma h_2, \quad h = \frac{p_1 - p_2}{\gamma}, \quad h_1 = h_2 - \frac{p_1 - p_2}{\gamma}$$

2. Қатарларға берілген есептер.

1-есеп. Бірцилиндрлі поршенді компрессор (газды қысуға арналған машина) $n=150$ айн/мин жылдамдықпен қозғалысқа келтіріледі. Әрбір айналым уақытында компрессор $\Delta V = 0,5 \text{ дм}^3$ ауаны көлемі $V_p = 100 \text{ дм}^3$ болатын ресиверге (қысымды реттеуге арналған аралық резервуар) қысады. Ауа қызбайды деп есепке алып, ресивердегі қысымды $p=4 \text{ атм}$ жеткізуге қажетті уақытты анықта. Ресивердегі алғашқы қысым атмосфералық қысымға тең.

Шешуі: Изделініп отырған уақытты x минут делік. Компрессор минутына $n=150$ айналым жасайтындықтан, бір минут ішінде ресиверге берілетін ауа мөлшері (5) формула арқылы есептеледі.

$$V_{мин} = n \cdot \Delta V \quad (5)$$

x минут уақытта ресиверге берілетін компрессордың жұмысының басына дейінгі ресивердегі ауамен қоса жалпы ауаның көлемі арифметикалық прогрессияның соңғы $(x+1)$ мүшесімен (6), (7) формулалар арқылы анықталады.

$$V - V_p = xV_{мин} \quad (6)$$

$$V = V_p + xV_{мин} \quad (7)$$

мұндағы, V_p - прогрессияның бірінші мүшесі, $V_{мин}$ - прогрессияның айырымы.

Бірақ, ресиверде бұл ауа V_p көлемге дейін сығылады, ал оның қысымы артады. Тұрақты температурадағы Бойль-Мариот заңы бойынша (8) теңдік орындалады.

$$pV_p = p_0V \quad (8)$$

мұндағы, $p_0 = 1$ атм – атмосфералық қысым

Сонымен, (8) теңдіктен (9) немесе (10) теңдіктерді аламыз.

$$V = \frac{p}{p_0}V_p \quad (9)$$


$$V_p + xV_{мин} = \frac{p}{p_0}V_p \quad (10)$$

Бұдан,

$$x = \frac{V_p}{V_{мин}} \left(\frac{p}{p_0} - 1 \right) = \frac{V_p}{n \cdot \Delta V} \left(\frac{p}{p_0} - 1 \right) = \frac{100}{150 \cdot 0,5} \left(\frac{4}{1} - 1 \right) = 4 \text{ мин.}$$

2-есеп Бактың H_1 деңгейіне дейін толтырылған мазут түбіндегі кішкене тесіктен ағып жатыр. q секундтық шығын мен H (сұйықтың бос бетінің биіктігінің тесіктің деңгейіне түсіретін) арасындағы тәуелділік $q = AH$ сызықтық функциямен өрнектеледі, мұндағы A - сұйықтың түрі мен тесіктің диаметріне тәуелді пропорционалдық коэффициенті.

Бактегі сұйықтың бос бетінің ауданы F -ке тең болғандағы t секундтан кейін мазуттың жалпы шығыны үшін формуланы қорытып шығар. Әрбір секунд ішіндегі қысым өлшемі жуықтап алғанда өзгеріссіз қалады деп ұйғарамыз.



2-сурет – Сұйық толтырылған ыдыс

Шешуі:

Бірінші секундтағы шығынды (11) формула арқылы есептейміз.

$$q_1 = AH_1 \quad (11)$$

Екінші секундтағы шығынды (12) формула арқылы есептейміз.

$$q_2 = AH_2 = A\left(H_1 - \frac{q_1}{F}\right) = AH_1\left(1 - \frac{A}{F}\right) \quad (12)$$

Үшінші секундтағы шығынды (13) формула арқылы есептейміз.

$$q_3 = AH_3 = A\left(H_2 - \frac{q_2}{F}\right) = A\left[H_1\left(1 - \frac{A}{F}\right) - H_1\frac{A}{F}\left(1 - \frac{A}{F}\right)\right] = AH_1\left(1 - \frac{A}{F}\right)^2 \quad (13)$$

Төртінші секундтағы шығынды (Б.14) формула арқылы есептейміз.

$$q_4 = AH_4 = A\left(H_3 - \frac{q_3}{F}\right) = A\left[H_1\left(1 - \frac{A}{F}\right)^2 - H_1\frac{A}{F}\left(1 - \frac{A}{F}\right)^2\right] = AH_1\left(1 - \frac{A}{F}\right)^3 \quad (14)$$

t -шы секундтағы шығынды (15) формула арқылы есептейміз.

$$q_t = AH_1\left(1 - \frac{A}{F}\right)^{t-1} \quad (15)$$

Секундтық шығын еселігі $\left(1 - \frac{A}{F}\right)$ -ге тең, бірінші мүшесі $q_1 = AH_1$, соңғы мүшесі

$q_t = AH_1\left(1 - \frac{A}{F}\right)^{t-1}$ болатын кемімелі геометриялық прогрессия бойынша азаятындығын байқаймыз. Жалпы шығынды осы прогрессияның алғашқы t мүшесінің қосындысы түрінде (Б.16) формула арқылы есептейміз.

$$Q = \frac{AH_1 - AH_1\left(1 - \frac{A}{F}\right)^{t-1}\left(1 - \frac{A}{F}\right)}{1 - \left(1 - \frac{A}{F}\right)} = AH_1 \frac{1 - \left(1 - \frac{A}{F}\right)^t}{\frac{A}{F}} = FH_1 \left[1 - \left(1 - \frac{A}{F}\right)^t\right] \quad (16)$$

$FH_1 = V_1$ - бактегі сұйықтың бастапқы көлемі болғандықтан, (16) формуланы (17) формула түрінде жазуға болады:

$$Q = V_1 \left[1 - \left(1 - \frac{A}{F}\right)^t\right]^* \quad (17)$$

Ескерту - $A \leq \frac{1}{2}F$ және $t \geq 10сек$ болғанда, яғни практикалық жағдайдың басым көпшілігінде алынған жуық формуланың қателігі интегралдық есептеу негізінде алынған нақты формуламен

$$Q = V_1 \left(1 - e^{-\frac{A}{F}t} \right)$$

салыстырғанда 1%-тен аспайды.

3.Функцияның туындысын табуға есептер.

1-есеп. Сұйықтық сақтауға арналған ашық цилиндр түріндегі резервуардың көлемі $V = 10м^3$, оның салмағы ең аз болатындай D_m диаметрі мен H_n биіктігін табу керек. Цилиндрлік бөлігі мен жазық түбін жасауға кететін болат табақтың қалыңдығы құрастырушының ойы бойынша бірдей деп алынған.

Шешуі: Резервуардың салмағы (18) формула арқылы есептелінеді.

$$Q = \pi\gamma\delta \left[\frac{D^2}{4} + DH \right] \quad (18)$$

мұндағы, γ – болат табақтың меншікті салмағы, δ - оның қалыңдығы.

Резервуардың көлемі (19) формула арқылы есептелінеді.

$$V = \frac{\pi}{4}D^2H \quad (19)$$

Бұдан,

$$DH = \frac{4V}{\pi D} \quad (20)$$

(18)-теңдікке DH –ң мәнін қойғаннан кейін мынаны аламыз:

$$Q = \pi\gamma\delta \left[\frac{D^2}{4} + \frac{4V}{\pi D} \right] \quad (21)$$

Теңдеу құрамыз:

$$\frac{dQ}{dD} = \pi\gamma\delta \left[\frac{D}{2} - \frac{4V}{\pi D^2} \right] = 0 \quad (22)$$

$\frac{D}{2} - \frac{4V}{\pi D^2}$ өрнегін нөлге теңестіреміз және оның салмағы максимум немесе минимум болатын резервуардың $D=D_m$ диаметрі мынаған тең:


$$D_m = 2\sqrt[3]{\frac{V}{\pi}} = 2\sqrt[3]{\frac{10}{\pi}} \approx 2,94 м$$

Екінші ретті туынды $\frac{d^2Q}{dD^2} = \pi\gamma\delta \left[\frac{1}{2} + \frac{8V}{\pi D^3} \right]$, $D > 0$ болғанда оң, яғни $\frac{d^2Q}{dD^2} > 0$, сондықтан да $D=D_m$ болғанда резервуардың салмағы ең аз болады. (20) теңдіктен резервуардың сәйкесті биіктігін табамыз:

$$H_m = \frac{4V}{\pi D_m^2} = \frac{4V}{\pi \cdot 4 \left(\frac{V}{\pi} \right)^{\frac{2}{3}}} = \sqrt[3]{\frac{V}{\pi}} = \sqrt[3]{\frac{10}{\pi}} \approx 1,47 \text{ м.}$$

яғни, $H_m = \frac{1}{2} D_m$.

2-есеп. Трубаның көлденең қимасының ауданының оның суланатын периметріне қатынасы гидравликалық радиус деп аталады. Гидравликалық радиус үлкен болған сайын, трубаның ұзындығы бойынша қысым жоғалту солғұрлым аз болады. Көлденең қимасының ауданы F болғанда қысым ең аз жоғалатындай трубаның төртбұрышты қимасының қабырғаларын анықта.



3-сурет – Төртбұрышты қима

Шешуі: төртбұрышты қиманың қабырғаларын x және y арқылы белгілейік. Көлденең қиманың ауданы мен периметрін сәйкесті (23) және (24) формулалар арқылы табамыз:

$$F = x \cdot y \quad (23)$$

$$P = 2(x + y) \quad (24)$$

периметрді (23) формуланы ескеріп келесі түрде анықтаймыз:

$$P = 2\left(x + \frac{F}{x}\right) \quad (25)$$

Трубаның гидравликалық радиусы:

$$R = \frac{F}{P} = \frac{F}{2\left(x + \frac{F}{x}\right)} \quad (26)$$

Есептің шарты бойынша гидравликалық радиус максимум болғанда, қысымды жоғалту минимум болады. Гидравликалық радиусқа кері функция

$$u = \frac{F}{R} = 2\left(x + \frac{F}{x}\right) \quad (27)$$

Бұл жағдайда минимум қабылдау керек. u –дан x бойынша бірінші ретті туынды табамыз:

$$\frac{du}{dx} = 2 \left(1 - \frac{F}{x^2} \right) \quad (28)$$

(28) теңдікті нольге теңестіріп $x = x_m$ үшін оңтайлы мәнін табамыз:

$$1 - \frac{F}{x_m^2} = 0 \quad (29)$$

$$x_m = \sqrt{F} \quad (30)$$

Теріс мәнін қарастырмаймыз, себебі оның физикалық мағынасы болмайды. x оң болғанда екінші ретті туындысы оң болады.


$$\frac{d^2u}{dx^2} = \frac{4F}{x^3} \quad (31)$$

Демек, $x = x_m$ болғанда u функциясының ең кіші мәні болады және трубадағы қысым азаяды. Бұл жағдайда төртбұрышты қиманың гидравликалық радиусы максимумды иеленеді. (23) және (30) теңдіктерден трубаның екінші қабырғасы мынаған

$$\text{тең: } y_m = \frac{F}{x_m} = \sqrt{F} = x_m.$$

3-есеп 3. Геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстарында скважинадан сынау үшін топырақ алуға тура келеді. Т арқанның керілуі скважинаға түсірілген Р топырақты алатын ыдыстың салмағынан және арқанның салмағынан тұрады. Шығырды (лебедка) құрастыратын конструктор үшін барабандағы максималдық моментті білу маңызды. Бір қарағанда, барлық арқан барабаннан тарқалғанда және Т күш максималды болғанда көтерудің бастапқы сәтінде момент ең үлкен болу керек. Бірақ, барабан осіне байланысты арқанды орауға жұмсалатын әсер ететін Т күшінің иіні артады және максималды моментті көтерудің бас кезіндегі нәтижесінде емес, қандай да бір аралық жағдайында аламыз. Т күш моменті ең үлкен болатындай барабандағы арқанның n қабат санын табу керек.

Ескерту. Есепті шешу барысында барабанға оралған арқанның n қабат санын мына формула арқылы табамыз: $L = \pi n n (D + nd)$. Арқанның барлық салмағы - Q , оның ұзындық бірлігіндегі салмағы - q , барабан диаметрі - D , арқан диаметрі - d , барабанның ұзына бойына m орау орналастырады.



4-сурет – Арқан есебі

Шешуі: Барабанға оралған арқанның n қабатының ұзындығы:

$$L = \pi n n (D + nd) \quad (32)$$

Барабанға оралған арқанның n қабатының салмағы:

$$Q_1 = qL = \pi n q n (D + nd) \quad (33)$$

Арқанның керілуі:

$$T = Q - Q_1 + P = Q + P - \pi n q n (D + nd) \quad (34)$$

T күші иіні ретінде арқанның оралуы енді басталды деп $(n+1)$ -ші қабат оралымының радиусын аламыз. Иінің артуы T күші шамасының төмендемеуінсіз жүзеге асырылады:

$$r = \frac{D + [2(n+1) - 1]d}{2} = \frac{D}{2} + \left(n + \frac{1}{2}\right)d \quad (35)$$

Барабан осіне қатысты T күшінің моменті:

$$M = Tr = [Q + P - \pi n q n (D + nd)] \left[\frac{D}{2} + \left(n + \frac{1}{2}\right)d \right] = \frac{(Q + P)(D + d)}{2} - \left[\pi n D \frac{D + d}{2} q - (Q + P)d \right] n - \frac{\pi n d (3D + d) q}{2} n^2 - \pi n d^2 q \cdot n^3 \quad (36)$$

M - нен n бойынша алынған туындыны нольге теңестіріп (37) теңдеуді шешеміз:

$$\frac{dM}{dn} = - \left[\pi n D \frac{D + d}{2} q - (Q + P)d \right] - \frac{\pi n d (3D + d) q}{2} \cdot 2n - \pi n d^2 q \cdot 3n^2 = 0 \quad (37)$$

немесе

$$n^2 + \left(\frac{D}{d} + \frac{1}{3}\right)n + \left[\frac{1}{6} \frac{D}{d} \left(\frac{D}{d} + 1\right) - \frac{Q + P}{3\pi n d q} \right] = 0 \quad (37^*)$$

Бұдан,

$$n = -\frac{1}{2} \left(\frac{D}{d} + \frac{1}{3}\right) \pm \sqrt{\frac{1}{4} \left(\frac{D}{d} + \frac{1}{3}\right)^2 - \left[\frac{1}{6} \frac{D}{d} \left(\frac{D}{d} + 1\right) - \frac{Q + P}{3\pi n d q} \right]} = \pm \sqrt{\frac{1}{12} \frac{D^2}{d^2} + \frac{1}{36} + \frac{Q + P}{3\pi n d q} - \frac{1}{2} \left(\frac{D}{d} + \frac{1}{3}\right)}$$

Теріс шешім есеп шартын қанағаттандырмайды, ендеше

$$n = \sqrt{\frac{1}{12} \frac{D^2}{d^2} + \frac{1}{36} + \frac{Q + P}{3\pi n d q} - \frac{1}{2} \left(\frac{D}{d} + \frac{1}{3}\right)}$$

Мұндағы n бөлшек түрінде алынуы мүмкін, онда оны жақын тұрған бүтін санға дейін жуықтау керек.

Қорытынды. Математикалық білім берудің екі аспектісі пәннің мазмұнында, қалыптасатын білік пен дағдыны беруде, жаттығулар сипаттамасында, тақырып пен сұрақтарды және басқа әдістемелік мәселелерді баяндау ретінде толық бейнесін табу

керек. Осы мәселелерді шешу біртұтас көзқарас бойынша іске асырылуы тиіс. Болашақ инженерлер жоғары мектеп қабырғасынан жан-жақты және іргелі білім жүйесін алуы қажет. Білім жүйесінің іргелілігі – ғылыми-техникалық прогрестің талаптарын қанағаттандыратын бірден-бір сара жол. Болашақ инженерлерді іргелі білім жинақтаған, жан-жақты, әмбебап тұлға ретінде дайындау түрлі бағыттар арқылы жүргізіледі: оқу жоспарларының мазмұны, ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру, ғылыми парасаттылық, оқытушы-педагогтардың біліктілігі және т.б. Жоғары оқу орындарында білім беруді дамыту проблемасын қарастырғанда, базалық математикалық білім беру туралы сұраққа, яғни болашақ маманның математикалық дайындығына жауап іздемей оны айналып өту мүмкін емес. Бұл мәселенің математикалық, физикалық, техникалық және басқа да білім салалары арасындағы тәуелділікпен айшықталған инженерлік білім берудегі бірнеше сұрақтарға жауап табуға маңызы зор.

Әдебиеттер:

- [1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319-III ҚРЗ. – Астана: Ақорда, 2017, 27-шілде // <http://adilet.zan.kz>. (өзгертулер мен толықтырулар) 2020.07.07. (қаралған мерзім 20.08.2024)
- [2] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген. Астана қаласы.
- [3] **Кудрявцев, Л.Д.** Современная математика и ее преподавание. – М.: Наука, 1980. – 143 с.
- [4] **Крупич, В.И.** Учить школьников учиться математике: Формирование приемов учебной деятельности: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1990.
- [5] **Фридман, Л.М.** Как научиться решать задачи: Беседы о решении математических задач: Учебно-методическое пособие. /Под ред. Фридмана Л.М. – Москва: Просвещение, 1979. – 160 с.
- [6] **Афанасьев, В.В.** Формирование творческой активности студентов в процессе решения математических задач. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 1996. –168 с.
- [7] **Әбілқасымова, А.Е.** Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
- [8] **Добрица, В.П.** Сложность индексного множества конструктивной модели. Алгебра и логика, 1983. – Том 22. – №4. – 372–381 с.
- [9] **Сатыбалдиев, О.** Жоғары математика: Еселі, қисықсызықты, беттік интегралдар. Қатарлар. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 278 б.
- [10] **Батышев, С.Я.** Профессиональная педагогика. – М., 1997
- [11] **Монахов, В.М.** Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. – Волгоград: Перемена, 1995. – 152 с.
- [12] **Долженко, О.В., Шатуновский В.Л.** Современные методы и технология обучения в техническом вузе. – М.: Высшая школа, 1990. – 196 с.
- [13] **Чернилевский, Д.В., Филатов О.К.** Технология обучения в высшей школе. – М., 1996. – 288 с.
- [14] **Тыныбекова, С.Д.** Дидактические основы обучения математике для нематематических специальностей вузов. – Алматы, 2002. – 204 с.
- [15] **Абылқасымова, А.Е., Добрица В.П., Тыныбекова С.Д.** Методические основы проектирования технологии обучения математике в техническом вузе. – Алматы, 2000. – 88 с.

References:

- [1] Qazaqstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany. №319-III QRZ. – Astana: Aqorda, 2017, 27-shilde // <http://adilet.zan.kz>. (ozgertuler men tolyqtyrular) 2020.07.07. (qaralghan merzim 20.08.2024) [in Kazakh].

[2] Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы //Qazaqstan Respublikasy Ukimetinин 2019 zhylygy 27 zheltoqsandagy № 988 qaulysymen bekitilgen. Astana qalasy. [in Kazakh].

[3] **Kudrjavcev, L.D.** Sovremennaja matematika i ee prepodavanie. – M.: Nauka, 1980. – 143 s. [in Russian].

[4] **Krupich, V.I.** Uchit' shkol'nikov uchit'sja matematike: Formirovanie priemov uchebnoj dejatel'nosti: Kniga dlja uchitelja. – M.: Prosveshhenie, 1990. [in Russian].

[5] **Fridman, L.M.** Kak nauchit'sja reshat' zadachi: Besedy o reshenii matematicheskikh zadach: Uchebno-metodicheskoe posobie. /Pod red. Fridmana L.M. – Moskva: Prosveshhenie, 1979. – 160 s. [in Russian].

[6] **Afanas'ev, V.V.** Formirovanie tvorcheskoj aktivnosti studentov v processe reshenija matematicheskikh zadach. – Jaroslavl': Izd-vo JaGPU, 1996. –168 s. [in Russian].

[7] **Abilqasymova, A.E.** Studentterdin tanymdyq izdenimpazdygyn qalyptastyru. - Almaty: Bilim, 1994. – 192 b. [in Russian].

[8] **Dobrica, V.P.** Slozhnost' indeksnogo mnozhestva konstruktivnoj modeli. Algebra i logika, 1983. – Tom 22. – №4. – 372–381 s. [in Russian].

[9] **Satybaldiev, O.** Zhogary matematika: Eseli, qisyksyzyqty, bettik integraldar. Qatarlar. Oqu quraly. – Almaty, 2006. – 278 b. [in Russian].

[10] **Batyshev, S.Ja.** Professional'naja pedagogika. – M., 1997. [in Russian].

[11] **Monahov, V.M.** Tehnologicheskie osnovy proektirovaniya i konstruirovaniya uchebnogo processa. – Volgograd: Peremena, 1995. – 152 s. [in Russian].

[12] **Dolzhenko, O.V.,** Shatunovskij V.L. Sovremennye metody i tehnologija obuchenija v tehničeskom vuze. – M.: Vysshaja shkola, 1990. – 196 s. [in Russian].

[13] **Chernilevskij, D.V.,** Filatov O.K. Tehnologija obuchenija v vysshej shkole. – M., 1996. – 288 s. [in Russian].

[14] **Tynybekova, S.D.** Didakticheskie osnovy obuchenija matematike dlja nematematicheskikh special'nostej vuzov. – Almaty, 2002. – 204 s. [in Russian].

[15] **Abylkasymova, A.E.,** Dobrica V.P., Tynybekova S.D. Metodicheskie osnovy proektirovaniya tehnologii obuchenija matematike v tehničeskom vuze. – Almaty, 2000. – 88 s. [in Russian].

THE IMPROVEMENT OF THE APPLIED CONTENT OF MATHEMATICS COURSE THROUGH THE PROBLEMS

Menlikozhaeva S.K., Candidate of pedagogic sciences

Abuova A.O., Candidate of pedagogic sciences

Korqyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic Kazakhstan

Annotation. This work will be devoted to solving the problem of mathematical training of students of a technical orientation in the process of conducting practical classes. A characteristic feature of the modern period is the rapid development of natural and direct sciences. The improvement of the higher education system is an ongoing process that has always been and will continue to occur. This is especially true of the transition to a market economy, when transformations are taking place in the country's economic systems. Vocational training in universities that train qualified specialists is based on knowledge of the basics of science, technology and production, as well as on the formation of professional skills. The rapid development of modern technology requires engineers to quickly master new technologies and ideas. Therefore, the training of highly qualified specialists will depend on the level of general and special education, their correct combination. Socio-economic changes in the Republic Kazakhstan at the present time, as well as the needs of teaching mathematics to students, along with general education disciplines, suggest improving the mathematical training of future engineers. In this regard, specific methodological recommendations aimed at improving the mathematical training of university students are given. A "System of object problems" is proposed, which contributes to the

solution of mathematical problems by future engineers, contributing to the disclosure of practical and applied directions.

Keywords: professional education, applied and practical areas, mathematics course, tasks of technical content, teaching mathematics.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРИКЛАДНОГО СОДЕРЖАНИЯ КУРСА МАТЕМАТИКИ С ПОМОЩЬЮ ЗАДАЧ

Менлихожаева С.К., кандидат педагогических наук
Абуова А.О., кандидат педагогических наук

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан

Аннотация. Данная работа будет посвящена решению проблемы математической подготовки обучающихся технического направления в процессе проведения практических занятий. Характерной чертой современного периода является высокое развитие естественных и точных наук. Совершенствование системы высшего образования-это непрерывный процесс, который всегда был и будет происходить. Особенно это касается перехода к рыночной экономике, когда происходят преобразования в хозяйственно-экономических системах страны. Профессиональное обучение в вузах, готовящих квалифицированных специалистов, опирается на знание основ науки, техники и производства, а также на формирование профессиональных навыков. Быстрое развитие современной техники и технологий требует от инженеров быстрого освоения новых технологий и идей. Поэтому подготовка высококвалифицированных специалистов будет зависеть от уровня общего и специального образования, их правильного сочетания. Социально-экономические изменения в Республике Казахстан в настоящее время, а также потребности обучения студентов математике наряду с общеобразовательными дисциплинами предполагают совершенствование математической подготовки будущих инженеров. В этой связи даны конкретные методические рекомендации, направленные на совершенствование математической подготовки студентов вузов. Предложена "Система целевых заданий", способствующая решению математических задач будущими инженерами, способствующая раскрытию практических и прикладных направлений.

Ключевые слова: профессиональное образование, прикладные и практические направления, курс математики, задачи технического содержания, обучение математике.

Қолжазбаларды рәсімдеу жөнінде авторларға арналған нұсқаулық

«Математика, физика және информатиканы оқытудың өзекті мәселелері» журналында мақала жариялау үшін дайын ғылыми жұмысты автор(лар) Vestnik.korkyt.kz сайтындағы Онлайн мақала жіберу жүйесі арқылы, арнайы нұсқаулықты пайдаланып жіберуге болады. Мақала Windows 10 оперативті жүйесіндегі Word форматында Times New Roman шрифтіне жазылуы қажет (Осы талапта жазылмаған мақала автоматты түрде қабылданбайды). Жарияланым – тілдері қазақша, орысша, ағылшынша. Мақала құрылымы мен безендірілуі:

1. Мақала көлемі 6-12 бет аралығында болуы тиіс (аннотациялар мен әдебиеттер тізімін қоспағанда 6 беттен төмен болмауы тиіс).

- Мақаланы құру схемасы (беті – А4, кітаптық бағдар, туралау – ені бойынша. Сол жақ, үстіңгі және төменгі жақтарындағы ашық жиектері – 2,5 см, оң жағында – 2,0 см. Шрифт: тип Times New Roman, өлшемі – 12) (Windows 10 оперативті жүйесіндегі Word форматында);

- ХҒТАР индексі – бірінші қатар жоғарыда, сол жақта (<http://grnti.ru>); оң жақта – журналдың doi индексі (префикс және суффикс) – редакцияда беріледі;

- мақала атауы – ортасына қалың он екінші қаріппен;

- автор(лардың) аты-жөндерінің бірінші қарпі мен тегі – ортаға 11-қаріп, (авторлар саны 5 адамнан артық болмауы тиіс);

- ұйым, қала, елдің толық атауы – ортаға, курсив – 11-қаріп;

- **Аңдатпа.** Түп нұсқа тілінде (**150-200 сөз**; мақала құрылымын сақтай отырып), өлшемі (кегль) – 11-қаріп;

- **Тірек сөздер** – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде (3-5 сөз/сөз тіркестері), өлшемі - (кегль) 11-қаріп;

- Негізгі мәтін (аралық интервал - 1, «азат жол» - 1,25 см, 12-қаріп) құрылымы төмендегідей болады:

2. **Кіріспе:** тақырыптың таңдалуын негіздеу; таңдалған тақырыптың, мәселенің өзектілігі, объектісі, пәні, мақсаты, міндеті, әдісі, тәсілі, тұжырымы және мағынасын анықтау

3. **Зерттеу материалдары мен әдістері:** материалдар мен жұмыс барысы сипаттамасынан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс.

4. Кестелер, суреттер айтылғаннан кейін орналастырылуы керек. Әр иллюстрациямен жазу(өлшемі (кегль) – 11) болуы керек. Суреттер анық, таза, сканерленбеген болуы керек.

Мақала мәтінде сілтемелер бар формулалар ғана нөмірленеді. Мәтінде сілтемелер тік жақшада көрсетіледі. Сілтемелер мәтінде қатаң түрде нөмірленуі керек.

5. **Нәтижелер/талқылау:** зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау келтіріледі.

6. **Қорытынды/қорытындылар:** осы кезеңдегі жұмысты қорытындылау; автор айтқан ұсынылған тұжырымның ақиқатын растау. Жұмысты қаржылық қолдау туралы ақпарат Қорытындыдан кейін түседі. Әдебиеттер тізімі (өлшемі (кегль) – 11, пайдаланылған әдебиеттер саны – 15-тен кем болмауы қажет). Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған алфавитпен (транслитерация). Мақаладағы дәйексөз тізімінде тек рецензияланған әдебиет көздері, DOI индексі бар әдебиеттер болуы тиіс. Романизацияланған әдебиеттер тізімі <http://www.translit.ru> сайты арқылы рәсімделуі керек.

7. Авторлар туралы мәліметтер: (автордың(лардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, байланыс деректері: телефоны, эл.пошта, орсид номері) 3 тілде.

8. Келген мақала талапқа сай рәсімделген жағдайда ғана Антиплагиат бағдарламасынан өткізіледі. Түпнұсқалығы 80% - дан жоғары көрсеткіште болған мақала Редакцияның қарауына жіберіледі. Ал 80% - дан төмен болған мақала автордың толықтыруына жіберіледі. Ал, екінші рет өткізілген жағдайда тиісті көрсеткіш болмаса жарияланымға қабылданбайды. Рецензенттердің оң пікірінен соң мақала журналға қабылданып, авторға төлем жасау жөнінде хабарлама жіберіледі. Автор төлемақының түбіртегін редакцияның электронды почтасына жіберуге міндетті (matphin-vestnik@korkyt.kz).

Руководство для авторов по оформлению рукописей

Готовая научная работа для публикации в журнале «Актуальные вопросы преподавания математики, физики и информатики» может быть подана автором (авторами) через систему онлайн подачи статей на сайте vestnik.korkyt.kz, используя специальные инструкции. Статья должна быть написана в формате Word в Windows 10 шрифтом Times New Roman (статья, не написанная в соответствии с этим требованием, не будет принята автоматически). Язык публикаций казахский, русский, английский.

Структура и оформление статьи:

1) Объем статьи в пределах от 6 до 12 страниц (не менее 6 страниц, за исключением аннотаций и списка литературы).

- Схема построения статьи (страница – А 4, книжная ориентация, поля с левой, верхней и нижней сторон – 2,5 см, с парвой – 2,0 мм. Шрифт: тип – Times New Roman, размер (кегель) - 12) (В формате Word в операционной системе Windows 10):

- индекс МРНТИ - первая строка сверху слева (<http://grnti.ru>); индекс DOI (предоставляется редакцией журнала);

- название статьи – прописными буквами по центру полужирным шрифтом, размер – 12;

- инициалы и фамилию автора(ов) – по центру полужирным шрифтом, размер (кегель) – 11 (адрес эл.почты авторов, номер орсид, количество авторов не должно превышать 5 человек);

- полное наименование организации, город, страна – по центру, курсив, размер - 11.

- **Аннотация** на языке оригинала (**150-200** слов; сохраняя структуру статьи) размер - 11.

- **Ключевые слова** (на казахском, русском, английском от 5 до 8 слов/словосочетаний) размер (кегель) - 11.

- Основной текст (12 шрифт, межстрочный интервал - 1, отступ «красной строки» - 1,25 см), структура:

2) **Введение:** обоснование выбора темы; актуальность темы или проблемы, определение объекта, предмета, целей, задач, методов, подходов, гипотезы и значения работы.

3) **Материалы и методы исследования:** должны состоять из описания материалов и хода работы, а также полного описания использованных методов.

4) В статье нумеруются только те формулы, на которые есть ссылки в тексте. В ссылках в тексте указывается в квадратных скобках.

5) **результаты/обсуждение:** приводится анализ и обсуждение полученных результатов исследования.

6) **заключение/выводы:** обобщение и подведение итогов работы на данном этапе; подтверждение истинности выдвигаемого утверждения, высказанного автором.

Список литературы (размер (кегель) – 11, количество используемой литературы не менее 15). При наличии в списке литературы работ, представленных на кириллице, список литературы должен быть представлен в двух вариантах: первый - в оригинале, второй - в латинизированном алфавите (транслитерация). Список ссылок в статье должен содержать только рецензируемые литературные источники, литературу с индексом DOI. Список латинизированной литературы должен быть подготовлен через сайт <http://www.translit.ru>.

7) Сведения об авторах: (должны содержать ФИО автора (ов), полное наименование организации, город, страна, контактные данные: телефон, эл.почта, номер орсид) на 3-х языках.

8) Статья должна обладать не менее 80% уникальности текста для публикаций. В случае если оригинальность статьи ниже 80%, работа будет возвращена автору для исправления и корректировки. После вторичной проверки статья набирает необходимого показателя в антиплагиат, направляется на рассмотрение редакционной коллегии. Статья, не отвечающая соответствующим требованиям, оригинальность которой, проверена дважды, к публикации не принимается. После положительного отзыва рецензентов, статья принимается для публикации в журнал и автору направляется уведомление об оплате. Автор обязан отправить квитанцию об оплате на электронную почту редакции (matphin-vestnik@korkyt.kz).

Manual for authors of manuscripts

Ready scientific work for publication in the journal «Topical issues of teaching mathematics, physics and information science» can be submitted by the author (authors) through the system of online submission of articles on the site vestnik.korkyt.kz, using special instructions. The article should be written in Word format in Windows 10 in Times New Roman font (an article not written in accordance with this requirement will not be accepted automatically). Language of publications Kazakh, Russian, English.

Structure and design of the article:

1) The size of the article ranges from 6 to 12 pages at least 6 pages, excluding annotations and bibliography).

- description of the scheme of the article (page - A 4, book orientation, indents are calculated with respect to the left top and bottom sides page margins-2.5 m, with right - 2.0 m, Standard font : type - Times New Roman, size (font) - 12) (Word format on Windows 10 operating system):

- the ISTIR index is the first line at the top left (<http://grnti.ru>).
- DOI index (provided by the editorial office);
- title of article – with capital letters, alignment on the center in bold, size (font) 12.
- initials and last name of author(s) - alignment on the center in bold, size (font) – 11, (e-mail address of the authors, orsid number, the number of authors should not exceed 5 people);
- the full name of the organization, city, country, alignment on the center, italic, size (font) - 11.
- **Annotation** in the original language (150-200 words; retaining the structure of the article) size (font) - 11.

- **Keywords** (in Kazakh, Russian, English from 5 to 8 words/phrases) size (font) - 11.

- **Main text** (12 font, line spacing - 1, indentation of red line#- 1.25 cm)

- Structure:

2) **Introduction:** rationale for the selection of the topic; relevance of the topic or problem; definition of the object, subject, objectives, tasks, methods, approaches, hypotheses and meanings of the work.

3) **Research materials and methods:** should consist of a description of the materials and the progress of work, as well as a full description of the methods used.

4) In the article, only those formulas that are referenced in the text are numbered. References in the text are indicated in square brackets.

5) **Results/discussion:** an analysis and discussion of the results of the study is given.

6) **Conclusion/conclusions:** summarizing and summarizing the work at this stage; confirmation of the truth of the assertion put forward by the author.

List of references (size (point size) - 11, the number of used literature is at least 15). If there are works presented in Cyrillic in the list of references, the list of references should be presented in two versions: the first - in the original, the second - in the Latinized alphabet (transliteration). The list of references in the article should contain only peer-reviewed literary sources, literature with a DOI index. The list of romanized literature should be prepared through the site <http://www.translit.ru>.

7) Information about the authors: (should contain the full name of the author (s), full name of the organization, city, country, contact details: telephone, e-mail, orsid number) in 3 languages.

8) The article must have at least 80% uniqueness of the text for publication. If the originality of the article is below 80%, the work will be returned to the author for correction and correction. After a secondary check, the article gains the required indicator in anti-plagiarism, and is sent for consideration by the editorial board. An article that does not meet the relevant requirements, the originality of which is double-checked, is not accepted for publication. After a positive feedback from the reviewers, the article is accepted for publication in the journal and the author is sent a notification of payment. The author is obliged to send a payment receipt to the editorial office by e-mail (matphin-vestnik@korkyt.kz).

МАЗМҰНЫ

<i>Абдуллаева Б.С., Нурғалиева А.С.</i> Педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың ақпараттық-коммуникациялық нысандары мен құрылымдарының сипаттамасы.....	6
<i>Дост С., Ахатай А.А.</i> Математика сабағында Stem технологиясын қолдану арқылы оқушыларды зерттеу жұмысына бағыттау	16
<i>Мустафа Озкан, Ешмұрат Г.К., Каинбаева Л.С.</i> Математикалық үрейді болжау: Python көмегімен кездейсоқ орманды, логистикалық регрессияны және иерархиялық жалпыланған сызықтық модельдерді салыстырмалы талдау	28
<i>Медеубаев Н.К., Абуова Н.А., Қозбагарова Ж.А.</i> Тілдік орта аясында педогогикалық қарым қатынастың активтік дәрежесінің білім процесін ұйымдастыру.....	38
<i>Менлихожаева С.К., Абуова А.О.</i> Математика курстарының қолданбалы мазмұнын есептер көмегімен жетілдіру.....	46

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Абдуллаева Б.С., Нурғалиева А.С.</i> Описание информационно-коммуникационных средств и структур преподавания математики в педагогических вузах.....	6
<i>Дост С., Ахатай А.А.</i> Направление учащихся к исследовательской работе с использованием технологии Stem на уроках математики.....	16
<i>Мустафа Озкан, Ешмурат Г.К., Каинбаева Л.С.</i> Прогнозирование математической тревожности: сравнительный анализ случайного леса, логистической регрессии и иерархических обобщенных линейных моделей с использованием Python	28
<i>Медеубаев Н.К., Абуова Н.А., Козбагарова Ж.А.</i> Организация образовательного процесса активного педагогического общения в рамках языковой среды.....	38
<i>Менлихожаева С.К., Абуова А.О.</i> Совершенствование прикладного содержания курса математики с помощью задач.....	46

CONTENT

<i>Abdullaeva B.S., Nurgaliyeva A.S.</i> Description of information and communication tools and structures for teaching mathematics in pedagogical universities.....	6
<i>Dost S., Akhatay A.A.</i> Directing students to research work using stem technology in mathematics lessons.....	16
<i>Mustafa ÖZKAN, Yeshmurat G.K., Kainbayeva L.S.</i> Predicting mathematical anxiety: a comparative analysis of random forest, logistic regression, and hierarchical generalized linear models using pyth.....	28
<i>Medeubaev N.K., Abuova N.A., Kozbagarova Zh.A.</i> Organization of the educational process of active pedagogical communication in the framework of the language environment.....	38
<i>Menlikozhaeva S.K., Abuova A.O.</i> Improving the applying the applied content of the mathematics course with the help of problem....	46

МАТЕМАТИКАНЫ,
ФИЗИКАНЫ ЖӘНЕ
ИНФОРМАТИКАНЫ
ОҚИТУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
ПРЕПОДАВАНИЯ
МАТЕМАТИКИ, ФИЗИКИ
И ИНФОРМАТИКИ

TOPICAL ISSUES OF
TEACHING
MATHEMATICS, PHYSICS
AND INFORMATION
SCIENCE

2023 жылдан бастап шығады
Издается с 2023 года
Published since 2023

Жылына төрт рет шығады
Издается четыре раза в год
Published four times a year

Редакция мекенжайы:
120014, Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29 «А»,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Телефон: (7242) 27-60-27
E-mail:
matphin-vestnik@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014, город Кызылорда, ул.
Айтеке би, 29 «А»,
Кызылординский университет
им. Коркыт Ата
Телефон: (7242) 27-60-27
E-mail:
matphin-vestnik@korkyt.kz

Address of edition:
120014, Kyzylorda city,
29 «A» Aiteke bie str.,
Korkyt Ata Kyzylorda
University
Tel: (7242) 27-60-27
E-mail:
matphin-vestnik@korkyt.kz

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ
Учредитель: НАО Кызылординский университет им. Коркыт Ата
Founder: Korkyt Ata Kyzylorda University NJSC

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
берген бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі
алғашқы тіркеу № KZ KZ80VPY00067265 31-наурыз, 2023 ж
қайта тіркеу № KZ87VPY00096433 9-маусым, 2024 ж.

Техникалық редакторы: Абуова Н.А.
Компьютерде беттеген: Махашов А.А.

Теруге 16.09.2024 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2024 ж. қол қойылды.
Форматы 60 × 841/8. Көлемі 4,0 шартты баспа табақ. Индекс 76220.
Таралымы 50 дана. Тапсырыс 0189. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 16.09.2024 г. Подписано в печать 30.09.2024 г.
Формат 60 × 841/8. Объем 4,0 усл. печ. л. Индекс 76220.
Тираж 50 экз. Заказ 0189. Цена договорная.

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Мақала мазмұнына автор жауап береді. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды. Журналда жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные статьи не отражают точку зрения редакции. Автор несет ответственность за содержание статьи. Рукописи редактируются и авторам не возвращаются. Материалы, опубликованные в журнале, не могут быть воспроизведены без ссылки.

The published articles do not reflect the editorial opinion. The author is responsible for the content of the article. Manuscripts are edited and are not returned the authors. Materials published in the journal can not be republished without reference.

«Университет» баспасы, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А.